



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен  
шыға бастады

№40 (1864)  
3 желтоқсан  
2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.KAZNU.KZ

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің бұйрығымен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттеріне Қазақстан Республикасы Президентінің 2022-2023 оқу жылына арналған стипендиясы берілді.

## Студенттер ҚР Президенті стипендиаты атанды



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ еңбек нарығында жоғары технологиялық уақыттың жаңа сұраныстарына сәйкес келетін мамандарды даярлайды. Бакалавриат бағдарламалары бойынша білім алушылар мен магистранттар оқуда жақсы табыстар көрсетуде. ҚР Президентінің стипендиясын тағайындау – ЖОО тарапынан жасалып отырған істің нақты дәлелі. Оқудағы үздік жетістіктері мен жоғары оқу орнының қоғамдық өміріне қосқан үлесі үшін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің үздік студенттеріне Қазақстан Республикасы Президентінің 2022-2023 жылдарға арналған шәкіртақысы тапсырылды.

Шәкіртақы алушылар тізіміне бірқатар факультеттердің 84 бакалавры кірді: биология және биотехнология (2), география және табиғатты пайдалану (12), шығыстану (3), журналистика (11), халықаралық қатынастар (8), филология (12), философия (9), Жоғары экономика мектебі (11), Заң мектебі (11), ақпараттық технологиялар (4), медицина және денсаулық сақтау (1). Сонымен қатар медицина және денсаулық сақтау, география және табиғатты пайдалану факультеттерінің екі магистрантына ҚР Президентінің шәкіртақысы берілді.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

## ҚазҰУ Францияның 3 университетімен ынтымақтастық орнатты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев бастаған білім ордасының ұжымы Париждегі ҚР және Франция жоғары оқу орындарының VII форумына қатысты. Іс-шара аясында қазақстандық және Франция университеттерінің көрмесі өтті.



Форум барысында Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Францияның жоғары білім және ғылыми зерттеулер министрлігінің өкілі Мануэль Буар, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев, Лорейн университетінің вице-президенті Карл Томбре, Халықаралық атом энергиясы институтының атқарушы директоры Карен Дайфук, Қазақстан және Франция жоғары оқу орында-

рының басшылары баяндама жасады.

Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев ұйымдастырушыларға Қазақстан мен Францияның жоғары оқу орындарының VII форумына шақырғаны үшін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ атынан алғыс білдіріп, білім беру сапасын арттыруға және жоғары оқу орындарына озық халықаралық тәжірибені енгізуге көңіл бөлу қажет екенін жеткізді.

«Әр елдің өз тәжірибесі

мен әлеуеті бар. Сондықтан озық тәжірибемен алмасу, шетелдік ғылыми ұйымдармен және университеттермен ынтымақтастықты кеңейту өте маңызды. Бүгінгі форум Қазақстан мен Францияның жоғары оқу орындары үшін тәжірибе алмасу бойынша үлкен диалог алаңына айналатынына сенімдімін», – деді Жансейіт Түймебаев.

Жалғасы 2-бетте



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:  
Жаңа Қазақстан құру –  
зор жауапкершілік

3-бет



Азаматтық поэзия мен  
нәзік лириканы үйлестіре  
білген ақын

4-бет



Гүлжанат ҚҰРМАНҒАЛИЕВА:  
ҚазҰУ-да дәріс оқу мүмкіндігі  
туғанына қуанамын

5-бет

## Дінтануда дара жолы бар ғалым

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде көрнекті ғалым, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы, профессор, шығыстанушы ғалым, дипломат Әбсаттар қажы Дербісәлінің 75 жылдығы аталып өтті. Алдымен Әл-Фараби кітапханасында «Академик Әбсаттар Дербісәлі атындағы сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры» ашылды. Тарихи бөлмеде білім алушы жастар үшін арнайы ертедегі кітаптар мен ғалымдар жазған қолжазбалар қойылған.



Кейін салтанатты жиын «Шығыстану және руханият мәселелері» тақырыбында халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға жалғасты.

Шараға ҚР Президенті Әкімшілігі, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, ҚР Сыртқы

істер министрлігі, Алматы қаласы әкімдігінің және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Әбсаттар Дербісәлінің жары Рафия Бекіркызы мен ұрпақтары, Түркия, Ресей, Мысыр, Иордания,



Өзбекстан, Тәжікстан, Иран мемлекеттерінің елшілері мен консулдары, дін саласының қызметкерлері, ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамы және білім алушы жастар қатысты.

Жалғасы 2-бетте



## ҚазҰУ Францияның 3 университетімен ынтымақтастық орнатты

Соңы. Басы 1-бетте

Форум жұмысына Франция мен Қазақстан Республикасының 150-ден астам университеті мен ғылыми институттарының өкілдері қатысты. Жиын барысында екі мемлекеттің университеттері арасында ынтымақтастық орнату бойынша келісімдерге қол қою рәсімі өтті. Атап айтқанда, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Париж қаласындағы саяси зерттеулер институтымен және Лотарингия университетімен меморандумға қол қойды.

Сондай-ақ Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Эрасмус+» бағдарламасы аясында Шампань-Арденна Реймс университетімен ынтымақтастықты одан әрі арттыру, студенттер мен ОПК алмасу туралы институционалдық келісімге қол қойды.

Айта кетейік, 2018-2022 жылдар аралығында Әл-Фараби



атындағы ҚазҰУ-ға Франция жоғары оқу орындарынан 14 профессор келіп, 48 студент және 23 докторант тағлымдамадан өткен болатын. Университет базасында «Геоэнергетика» Қазақстан-Француз ғылыми-білім беру орталығы құрылды. Механика-математика факультетінде Лотарингия университетімен «Механика және энергетика» (100-ден астам магистрант пен 20 докторант дайындалды) және Шампань-Арденна Реймс университетімен «Математика» қос-



дипломды білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар сапар аясында университет ректоры Жансейіт Түймебаев Қазақстанның Франциядағы төтенше және өкілетті елшісі, Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО жанындағы өкілі Гүлсара Арыстанқұловамен кездесіп, ҚазҰУ мен ЮНЕСКО арасындағы ынтымақтастықты нығайту және бірлескен жобаларды дамыту мәселелерін талқылады.

Света ӨМІРФАЛИЕВА

## Мажарстан этнографына арналған дөңгелек үстел өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде көрнекті Мажарстан шығыстанушысы, саяхатшы, зоолог және этнограф Алмаши Дьергиге арналған дөңгелек үстел отырысы өтті.



Делегация құрамында Алматы қаласындағы Мажарстан консулы Питер Сиклош, этнологтер Шанта Иштван мен Шомфай Кара Дэвид бар.

Әл-Фараби ғылыми кітапханасында өткен іс-шараны филология факультеті ұйымдастырды. Құрметті меймандар үшін Тұңғыш Президент пен Абай залы, сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры, «Ұлы даланың жеті қыры», «Алаш көсемдері» және т.б. тақырыпта экскурсия өткізілді. Сонымен қатар делегация мүшелері білім ордасының ғалымдары әзірлеген инновациялық

жобаларына қанықты. Қонақтар Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті даму жоспарының екінші кезеңімен танысты.

Дөңгелек үстел отырысына филология ғылымының докторы, профессор Раушан Амиринова, ҚР ҰҒА академигі, профессор, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі Берекет Кәрібаев, Археология, этнология, музология кафедрасының доценті Гүлжан Мейірманова, «Нұр-Мұбарак» ислам университетінің доценті, тарих ғылымының кандидаты Катран Досымбек, Дін-

тану және мәдениеттану кафедрасының доценті Әлия Өмірбекова, Халықаралық ынтымақтастық және интернационалдандыру департаментінің директоры Еркежан Әпсеметова, шығыстану факультетінің деканы Наталья Ем және т.б. ғалымдар қатысты.

Жиын барысында қатысушылар сөз сөйлеп, Шомфай Кара Дэвидтің қысқа метражды деректі фильмін тамашалады.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

## Дінтануда дара жолы бар ғалым



Соңы. Басы 1-бетте

Конференцияны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, академик Шейх Әбсаттар Дербісәлінің өмір жолына тоқталды. «Әбсаттар Бағысбайұлы артына бай ғылыми мұра қалдырып, шығыстану, дінтану саласында өзіндік дара жолын қалыптастырды. ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы, профессор, дипломат, мемлекет, қоғам және дін қайраткері дәрежесіне дейін көтерілді. Ғалымның діни қайраткерлігі мен ғылыми еңбектері елімізбен қатар, ислам әлемінде

рат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлінің, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтау хаттары оқылды.

Сонымен қатар Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы – Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы баяндама жасады. Ол өз сөзінде академик Әбсаттар Бағысбайұлының келуімен ҚМДБ жаңа кезеңге аяқ басқанын жеткізді.

«Әбсаттар қажы Дербісәлі – саналы ғұмырын ғылым мен білімге арнаған ғалым. Өзіне жүктелген дінбасы қызметін абыроймен атқарды. Мәселен,



жоғары бағаланып, мойындалды», – деді Жансейіт Түймебаев.

Сонымен қатар білім ордасының басшысы өз сөзінде Әбсаттар Бағысбайұлының оқу-ағартушылық қызметі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен тығыз байланысты екенін жеткізді.

«Әбсаттар Бағысбайұлының ҚазҰУ-да араб бөлімі мен Шығыс тілдері кафедрасын және шығыстану факультетін ұйымдастырып, оның тұңғыш меңгерушісі және деканы болды. Тілдер және халықаралық қатынастар бойынша проректор қызметін атқарды. Академик Әбсаттар Дербісәлі университетімізге Әбу Насыр әл-Фарабидің атын беру жолында көп еңбек сіңірді. Арабистика саласы бойынша еліміздің тұңғыш ғылым докторы, тұңғыш профессоры, тұңғыш академигі атанды. Арабтану ғылымының негізін салушылардың бірі ретінде ғылымға терең бойлап, монографиялар мен құнды еңбектер жазды», – деді ректор.

Пленарлық отырыста ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Өшімбаевтың, ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеубердінің, ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары Аида Балаеваның, ҚР Ақпа-

дін саласында құжаттандыру, іс-қағаздарын жүргізу мәселесін ретке келтірді. Отандық дін мамандарын даярлауға баса көңіл бөліп, 2001 жылы «Нұр-Мұбарак» Египет-Ислам мәдениеті университетін ашты. Қазіргі таңда аталмыш білім ордасы діни жоғары білімді, білікті мамандар даярлайтын оқу орнына айналды. Сондай-ақ еліміздің тоғыз аймағынан тоғыз медресе, бір қарилар даярлайтын орталық ашты», – деді Бас мүфти Наурызбай Тағанұлы.

Өз кезегінде «Нұр-Мұбарак» Египет-Ислам мәдениеті университетінің ректоры Мұхаммед аш-Шахат Абдулхамид Мұхаммед әл-Джинди, Әбсаттар Дербісәлінің жары, ҚР Дипломатиялық қызметінің еңбек сіңірген ардагері Рафия Бәкірқызы сөз сөйлеп, бүгінгі шараның маңыздылығын атап өтті.

Жиын барысында ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінде академик Әбсаттар Дербісәлі атындағы дәрсіхананың салтанатты ашылу рәсімі өтті. Сонымен қатар ғалымның ғылыми еңбектері жинақталған кітаптың тұсаукесері өтті.

Пленарлық отырыстан кейін конференция жұмысы секцияларда жалғасты.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

20 қарашада қазақстандықтар кезектен тыс өткен президент сайлауына белсене қатысып, жаңа, әділетті Қазақстан үшін өз таңдауларын жасады. Сайлауалды кезеңде Алматы қалалық қоғамдық штабын басқарып, әр сала өкілдерімен кездесулер өткізіп, халықтың Қасым-Жомарт Кемелұлына деген оң көзқарасын анық байқадық.

дағы қайғылы оқиғалардан кейін) саяси көзқарасы едәуір жетілген;  
– халықтың негізгі бөлігі Қ.К.Тоқаевтың қазіргі кездегі бастаған және жүргізіп жатқан реформаларын оң қабылдайды;  
– азаматтар ескі реформалар

– әділетті қоғам саналатыны белгілі. Өйткені барлығы заң тұрғысынан алғанда, заң мен сот алдында іс жүзінде тең болатыны сөзсіз шындық. Ал ұлттық игіліктерді олигополия мен саяси элитаның өкілдері ғана емес, сондай-

адал қызмет атқарып, тиісті шешімдер қабылдау кезіндегі әділеттілік – бұл жаңа, әділетті Қазақстанның берік ұстанымы. Қасым-Жомарт Тоқаев «сайлауалды тұғырнамасында белгіленген әлеуметтік, экономикалық

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры

# Жаңа Қазақстан құру – зор жауапкершілік

Жақында елімізде өткен конституциялық реформа нәтижесінде Мемлекет басшысының құқықтық мәртебесінің елеулі өзгеруіне байланысты «президент» ұғымы жаңа мағынаға ие болды. Бұдан былай Қазақстан Республикасы Президентінің мәртебесі бұрынғыдан айтарлықтай ерекшеленеді, өйткені ол мемлекеттік билікті басып алудан немесе өзге де теріс пайдаланудан сақтайтын бірқатар құқықтық кепілдіктерге ие. Осылайша Қазақстандағы «президент» ұғымы жаңартылған және конституциялық тұрғыдан бекітілген құқықтық мәртебеге ие болды. Бұл саяси-құқықтық реформа елімізде авторитарлық саяси режим орнатуға кедергі келтіретін елеулі демократиялық сипатымен де ерекшеленеді.

Президент лауазымына қатысты жетіжылдық мерзімге есептелген стратегиялық маңызды ережелер қоғам мен мемлекет өмірінің барлық салаларына оң әсерін тигізбек. Бұл ретте қарапайым адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау, әлеуметтік әлеуетін көтеру, саяси жүйені кезең-кезеңімен жаңғырту, қазақстандық қоғамды одан әрі демократияландыру, ел экономикасын дамыту – өз шешімін талап ететін өзекті, сайлауалды тұғырнаманың іргелі ережелері болып табылады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлаудағы жеңісіне оның сайлауалды тұғырнамасының мазмұны жағынан ауқымдылығы, мақсаттары мен міндеттерінің айқындығы ықпал етті. Сайлаушылар іс жүзінде тексерілген тұжырымдамалық сипаттағы бағдарламалық құжатта көрсетілген мәселелерге баса назар аударды. Бұл сайлауалды бағдарлама Қазақстан халқының барлық топтарын, азаматтық қоғам институттарын, тұтастай алғанда, мемлекетті қамтыды.

## ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУДЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

Халық мүддесін бәрінен жоғары қоятын, Конституция мен заңның үстемдігі салтанат құратын жаңа Қазақстанды әділетті мемлекет ретінде құру Мемлекет басшысының сайлауалды тұғыр-



намасының басты және негізгі мақсаты болды.

Осындай саяси салмағы басым артықшылықтардың нәтижесінде Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды тұғырнамасы басқа президенттікке кандидаттардың сайлауалды бағдарламаларымен салыстырғанда айтарлықтай мазмұнды және нақты істерге бағытталғанын баса айтуымыз керек.

Қасым-Жомарт Кемелұлының сайлауалды тұғырнамасының жүйелілігі мен дәйектілігі, түсінікті әрі нақты баяндалуы сайлаушылардың таңдауында үлкен рөл атқарды. Ал егер бұған штабтардың, азаматтық қоғам институттарының, сенім білдірілген адамдардың, жекелеген азаматтардың және еліміздің барлық прогрессивті күштерінің белсенді үгіт-насихат жұмысын қосатын болсақ, онда Қ.К.Тоқаевтың сайлаудағы жеңісі заңды құбылыс болды деп бағамдауға толық негіз бар.

Сайлауалды кезеңде Алматы қалалық «AMANAT» – «Ақ жол» – «Қазақстан халық партиясы» коалициясының штабын басқара отырып, мен сайлаушылармен – өнеркәсіп, көлік, білім беру, денсаулық сақтау, қызмет көрсету және т.б. салалардың еңбек ұжымдарымен кездестім. Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды тұғырнамасының ережелерін түсіндіріп, қабылдауға келген азаматтарды тыңдай отырып, келесідей қорытынды жасадым:  
– халықтың (әсіресе қаңтар-

мен күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайда өмір сүргісі келмейді;

– азаматтардың сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне, мемлекеттік қызметкерлер, құқық қорғау органдары мен соттар тарапынан заңның бұзылуына қарсылығы күшейген;

– азаматтардың көпшілігі елдің қоғамдық-саяси өміріне тікелей қатысу бағытында белсенді азаматтық ұстанымға ие болған;

– азаматтар әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуде қауқарсыз мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға өз ойларын еркін, ашық айтып, сынға алады;

– азаматтардың көпшілігі жаңа Қазақстанды құруға тежеу болатын кедергілерден арылуға және әрбір азаматтың, бүкіл халықтың мүдделері ескерілуі тиіс құқықтық үстемдікке негізделген әділ қоғам құруға тікелей қатысуға ниетті. Сонымен қатар әр адамның әділеттілігі туралы өзіндік түсінігі бар екенін ескере отырып, «әділетті қоғам» ұғымына кеңірек түсінік беру қажет деп санаймын.

## ЕЛ АМАНАТЫ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Конституцияның үстемдігі әрекет ететін және заңдылықтың нақты жүйесі қалыптасқан қоғам

ақ еліміздің барлық азаматтары да игілігін көріп отырғанын бәріміз жақсы білеміз.

Штаб өкілдері мен сайлаушылар да Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауда сенімді жеңіске жетуіне жеке көшбасшылық, тұлғалық қасиеттері елеулі ықпал екенін атап өтті. Бұл ретте Мемлекет басшысының жоғары интеллекті, халықаралық аренадағы орасан зор беделі, оның шет мемлекеттердің барлық көшбасшыларымен диалог құра білуі және олигополиядан алшақ болуы оның саяси тұлғасын ерекшелендіріп тұратыны айқын. Сонымен қатар дер кезінде ұтымды шешімдер қабылдауы мен елдегі күрделі істердің ахуалы, қарапайым адамдардың, атап айтқанда, қатардағы жұмысшылардың проблемалары туралы «көңілге қонымсыз» объективті ақпараттардан хабардар болуы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа етене жақын көшбасшы екенін көрсетеді.

16 қарашада Алматы қаласындағы жұртшылықпен кездесуінде қаладағы қордаланып қалған түйінді мәселелерді шешуде менеджерлік қасиетін айқын аңғартты. Қасым-Жомарт Кемелұлы бұл кездесуде де «Мемлекет басшысы лауазымы партиялық, сондай-ақ өзге ешкімнің ықпалына тәуелді болмауға тиіс» екенін тағы да атап өтті.

Ашықтық, саяси прагматизм, жоғары гуманизм, Қазақстанның көпұлтты халқының мүддесіне

және саяси бағыттағы барлық міндеттерді іске асыру – ең алдымен бүкіл халықтың әлауқатын арттыруға бағытталған саяси жауапкершілік» екенін атап өтті. Сондықтан әділ мемлекет қалыптастырып, жаңа Қазақстан құру – барша қазақстандықтардың алдында тұрған аса зор жауапкершілік әрі тарихи міндет.

26 қарашада Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстан Президенті ретінде салтанатты ұлықтау рәсімі өтті. Халықтың қолдауына ие болған Мемлекет басшысы салтанатты ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзінде өзіне зор сенім артқан барша қазақстандықтарға алғыс айтты.

«Сайлау нәтижесін халқымыздың саяси бағдарыма – бағасы, алдағы жоспарыма – батасы деп қабылдаймын. Халқының қолдауына ие болып, ел тізгінін ұстау – ер-азамат үшін ең биік мәртебе әрі орасан зор жауапкершілік. Қазақта «аманат» деген асыл ұғым бар. Халқымның сенімі – маған аманат. Осы аманатқа адал болу – мен үшін қасиетті парыз. Ел үмітін ақтап, Қазақстанды өркендеген, бақауатты мемлекетке айналдыру үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент алдағы қызметінің бірқатар негізгі бағыттарын атап өтіп, барша қазақстандықтарды жаңа, әділетті Қазақстанды бірге құруға шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезектен тыс президент сайлауында басым дауыспен жеңіске жетуі оның Мемлекет басшысы ретінде атқарған үшжылдық жемісті қызметінің нәтижесі. Бұл кемел келешегін жаңа Қазақстанның сәулетшісі, әділ мемлекеттің құрушысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевпен байланыстырған халықтың саналы таңдауы екені сөзсіз.

Сайлауда қазақстандықтар еліміздің болашағы мен тұрақтылығы үшін, бірлігіміздің нығаюы мен ел экономикасының өркендеп, дамуы үшін дауыс берді. Сайлау нәтижесі қазақстандықтардың еліміздегі өзгерістерді жоғары бағалайтынын, Қасым-Жомарт Тоқаевқа сенім артатынын дәлелдеді. Бұл – өз болашағына сеніммен қарайтын елдің жеңісі.

# Азаматтық поэзия мен нәзік лириканы үйлестіре білген ақын

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,**  
**Әл-Фараби атындағы Қазақ**  
**Ұлттық университетінің**  
**Басқарма Төрағасы –**  
**Ректоры:**

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, I дәрежелі «Барыс» және «Парасат» ордендерінің иегері, Франц Кафка атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері, филология ғылымының кандидаты, ақын Шөмішбай Нағашыбайұлы төл әдебиетімізді ғылыми тұрғыда зерттеп-зерделеуде өлшеусіз еңбек сіңірген ақын. Оның қазақ поэзиясын жан-жақты талдаған ғылыми еңбегі әдебиеттану саласында елеулі құбылыс болды. Талантты ақын сегіз қырлы, бір сырлы даралығымен халыққа кеңінен танылды. Шығармашылық ізденістері арқылы Қазақстанда ғана емес, алыс-жақын шетелдерде де лайықты бағаланып, халықаралық деңгейдегі биік дәрежелі марапаттарға ие болды. Бұл ең алдымен ақын, әдебиеттанушы-ғалым Шөмішбай Сариевтің ұлт әдебиетін өркендетудегі зор еңбегінің жемісі деп бағалаймыз.

Әдетте ақындар ғылымға мойын бұрып, терең талдаулар жүргізіп, ғалым атана бермейді. Өйткені ғалым адамның түбегейлі зерттеп-зерделейтін «нысаны» болады. Ізденеді, күн-түн демей архив ақтарады. Көз майын тауысып, талдап оқиды. Ал оның түп негізі – нәтиже шығару. Зерттеу ісінің жемісін көрсету. Міне, осындай талаптың үдесінен шығу өркімге оңай соқпайды. Ал қалам ұстаған адамға оның жауапкершілігі тіптен зор. Мұны ақын Шөмішбай Сариев терең түсінді. Ғылым жолының жеңіл емес екенін және білді. Сөйтіп, «XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарындағы қазақ поэзиясы» атты кең көлемді монография жазды.

Осынау көлемді ғылыми еңбегінде Алаш арыстары – Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатовтардың әдеби туындыларына кәсіби талдау жасап, жауһар жырларының поэтикалық құндылықтарын ашып көрсетті. Шөмішбай Нағашыбайұлы XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің ұлы тұлғаларының бірі М.Жұмабаевтың алғаш жарық көрген үш томдық шығармалар жинағын әзірлеп, ғылыми түсініктемесін жазды. Біле білген адамға бұл да ұлттық ғылымның мазмұнын тереңдететін іргелі ізденіс.

Шөмішбай Сариев ғалым ретінде осы еңбектермен ғана шек-

теліп қалмай, 50-ші, 60-шы, 70-жылдардағы қазақ поэзиясына да кеңінен көңіл бөліп, тыңғылықты зерттеулер жүргізді. Аға буын ақындардан бастап, өз замандастарының шығармашылық портреттерін жасады. Оның ішінде Мұқағали Мақатаев, Қадыр Мырза Әли, Тұманбай Молдағалиев сынды мықты ақындардың шығармашылығына жүрексіз талдау жасауы, біріншіден, талантты тұлғаның ізденімпаз, талғампаз әрі еңбекқор екенін айғақтайды.

Өлең өлкесіндегі айшықты орны өткен ғасырдың 70-жылдары жарқырап көріне бастаған Шөмішбай ақынды сол кездегі әдеби орта «қазақтың Пушкині» деп атаған. Ол әлем әдебиеті классиктерінің өлеңдерін қазақ тіліне тәржімалап, өзінің шығармалары да бірқатар шет тілдеріне аударылды.

Ақын қаламынан туған «Арайлы көктем», «Теңізден соққан жел», «Тағдыр», «Уақыт», «Біздің ғасыр» жинақтары оқырманның жоғары бағасын алды.

«Шөмішбай Сариев суреткерлігінің бір қыры – оның өлеңдерінің табиғи әуезділігінде, әнге, әуенге сұранып тұратынында», – деп жазады филология ғылымының докторы, профессор Айгүл Ісімақова. Азаматтық поэзия мен нәзік лириканы үйлестіре білген Шөмішбай ақынның басты ерекшелігі – ол қазаққа ең танымал әндердің өлеңін жазды. Ақынның қай шығармасын алып қарасаңыз – тұнып тұрған лирика. Туған жерге сағыныш, ауылды аңсау, махаббатты аялау, ұлттық дәстүрді дәріптеу сынды тақырыптар – Шөмішбай поэзиясының басты өзегі.

Қазақ поэзиясы корифейлерінің бірі, аса талғампаз ақын Фафу Қайырбеков Шөмішбай Сариевті «қос қанатты ақын» деп орынды бағалаған. Бір қанаты – лирикалық жырлары болса, екінші қанаты – ән-өлеңдері. Бұған өзіміз жоғарыда сөз еткен ғалымдық қабілетті қоссаңыз, ақын тұлғасы одан әрі айшықтала түспек.

Ақынның артында қалған мол рухани мұрасын насихаттауда жары Жұмагүл Қажанқызы мен ұлы, Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің бастығы Бақытжан Шөмішбайұлының еңбегі зор.

Шөмішбай Сариевтің шығармашылығы қай қырынан алсақ та, бүгінгі жас ұрпаққа, жаңа буын өкілдеріне үлгі-өнеге. Ақынның рухани еңбегі қазақ халқымен бірге жасай бермек.



**Уәлихан ҚАЛИЖАН,**  
**М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:**

– Шөмішбай Сариев қазақ лирикасының көркемдік әлемін кеңейткен Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырза Әли, Фафу Қайырбеков, Сағи Жиенбаев, Мұқағали Мақатаевтардың ерекше илтипатына бөленді. Олар Шөмішбай өлеңдерінің диапазонны кең, ішкі гармониясы үйлесімді, формасы жұмынан кейде қазақтың қара өлеңінің стандарттарынан шығатын пафостығы мен ұлтжанды рухына тамсанды. Сондықтан да Шөмішбай поэзиясы жасқа да, жасамысқа да, ақсақал мен абзал қарттарға да түсінікті. Жүрекке жететіні де содан шығар. Фағаң – Фафу Қайырбеков: «Шөмішбайдың дауысы – айқын, азаматтық дауыс. Оның өлеңдерінен өз дәуірі, өз уақытының лебі еседі... Елді, жерді сую, оның бүгін танып, ертеңін болжау талабы көзге айқын шалынады», – деп еді. Расы сол – Шөмішбай қазіргі, өзінен кейінгі, өзімен қатарлас кейбір ақындардан гөрі өмірді басқаша таниды. «Құрыған», «шіріген», «тозған», «азған» сынды тарығу мен торығуға, өз туған жерінен, ділінен түңілген ақындарға мүлдем ұқсамайды. Ол заманның рухы – егемендік деп біледі. Ол «Болашақтың кілті – жастарда» деп жырлайды. Ол махаббат сезімді ұлықтайды, ол ту-

ған жердің егемен аспанында қыран болып қалықтайды. Ол – азамат үнді ақын ғана емес, жүздеген, мыңдаған, миллиондаған қазақтың алғысын алған нағыз ұлтжанды ақын.

**Бауыржан ОМАРҰЛЫ,**  
**ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы, профессор:**

– Шөмішбай Сариев лирик ақын ретінде де, ән мәтіндерінің авторы ретінде де танымал болды. Өнге бейімдеп сөз жазу оңай емес. Әуеннің өзін құлпыртып жіберетін тіркестер болады. Ән мәтіннің, мәтін әннің бағын ашады. Бүгінде Шөмішбай Сариевтің сөзіне жазылған әндер көгімізде қалықтап тұр. Қандай әндер дейсіз бе? Міне, қараңыз: «Атамекен», «Қарағым-ай», «Сарыарқа», «Сағындым, сағым жылдар», «Бозжорға», «Өкінбе сен», «Аяулым», «Сәлем саған, туған ел!», «Ойлан, балам», «Ғашықтар жыры», «Аралдан ұшқан аққулар», «Сағынышым – туған үй», «Еркеледің сен», «Дос керек», «Домбыра», «Сен мұңынды бер маған», «Жусан иісі... Жететін шығар. Бұл туындылардың авторлары да осал емес.

Қазақ жұртына белгілі композиторлар Жанбота Тұяқбаев, Кеңес Дүйсекеев, Сейдолла Бәйтерек, Төлеген Мұхамеджанов, Владимир Питерцев, Гүлнәр Дәукенова, Бейбіт Оралұлы, тағы басқалар Шөмішбай ақынмен тығыз шығармашылық байланыс

орнатты. Әсіресе Кеңес Дүйсекеев пен Шөмішбай Сариев танемінің жөні бөлек. Айдынды Арал мен қазыналы Қазалының қос жігіті өнердің өрінде қос арғымақтай кесіле шапты. Екеуінің жарасымды бірлестігінен әдемі әуендер өмірге келді. Шөмішбай Сариевтің сөзіне жазылған әндер бүкіл қазақ жұртын әлдиледі. Өлдилемегенде ше?! Өйткені бұл туындыларды қазақ өнерінде айрықша қолтаңба қалдырған Роза Рымбаева, Мәдина Ерәлиева, Нағима Есқалиева, Досхан Жолжақсынов, Мақпал Жүнісова, Бағдат Семединова, Сенбек Жұмағалиев, Нұрлан Өнербаев, Жұбаныш Жексенов, Сүлеймен Ибрагимов, Бауыржан Исаев, Толқын Забировова сынды танымал әншілер беріле шырқап, жұртшылықтың жүрегіне жаттатты. «Әншіге қонған ән» деген ұғым бар. Бұл әндер аталған өнер шеберлерінің табиғатына толық сай келді.

**Жұмагүл САРИЕВА,**  
**ақынның жары:**

– Шөкең қазақ әдебиетіндегі ән-өлеңдердің мәтінін жазудың шебері атанды. Бүгінде ол жазған әндермен бір ұрпақ өсіп шықты, шығармалары халықтың сүйіспеншілігіне бөленді. Атап айтқанда: «Атамекен», «Домбыра», «Бозжорға», «Сарыарқа», «Қарағым-ай», «Ғашықтар жыры», «Еркеледің сен», «Аралдан ұшқан аққулар» әндері қазақтың майталман әншілерінің репертуарына берік енді. Қазақтың белгілі жазушысы, әдебиет зерттеушісі, профессор, ұстаз ағасы Зейнолла Қабдолов: «Әннің өміршең болуы, халық сүйіп айтатын әніне айналуы – ол тек әннің мәтініне байланысты, мәтін жақсы ән ғана өміршең болады», – деп, Шөмішбайдың әндерге жазған мәтіндері туралы баға берді.

Шөкеңмен елу жыл өте мәнді, мазмұнды ғұмыр кештік. Үш ұрпақ сүйдік. Үлкен ұлымыз – Бақытжан, ортаншы қызымыз – Шолпан, кенже ұлымыз – Байсал. Үлкеніміз Бақытжанды жеті айлық кезінде Шөкеңнің әке-шешесіне берген болатынбыз. Содан ол жеті жасқа дейін ата-әжесінің тәрбиесінде болды. Өсірген ұлқыздан сегіз немере көрдік. Жалпы, Шөкең өз балаларына, немерелеріне өте мейірімді болды, бәрін де айналып-толғанды, «менің патшаларым» деп өтті.

Шөкең өмірден озғаннан кейін екінші ғұмыры басталды деп ойлаймын. Алматыда біз тұрып жатқан үйде ақынның құрметіне мемориалдық тақта ашылды. Кеңсайда басы көтерілді. Қызылорда қаласында облыстық өлкетану музейінде Шөкең арналған бұрыш ашылып, онда ақынның кітаптары мен ол қолданған машинкасы, зерделі шапаны, басқа да құнды заттары қойылды. Қызылорда қаласында үлкен жол жиегіне билборд ілінді, өзі туып-өскен Қызылорда облысы Арал қаласында ақын Шөмішбай Сариевтің туған күніне орай, «Халқымыздың жүрегіне жыр жазамын» атты ғылыми-танымдық конференция өтті. Астана қаласында республикалық Ұлттық академиялық кітапханада «Қос қанатты ақын – Шөмішбай Сариевтің шығармашылық залы» ашылды, «Сыр елінің тұлғалары» атты сериямен телехабар түсіріліп, «Атамұра» баспасынан «Жүрегім – Қазақ елі» атты жыр жинағы басылып шықты. Осындай айтулы шараларды ұйымдастырып, ақынның шығармашылығына құрмет көрсетіп жүрген бірқатар азаматтарға, Сыр елінің халқына басымды иіп, ризашылығымды білдіремін.



Гүлжанат ҚҰРМАНҒАЛИЕВА:

# ҚазҰУ-да дәріс оқу мүмкіндігі туғанына қуанамын

**Гүлжанат Құрманғалиева-Ерджиласун – белгілі алаштанушы ғалым, Түркия мемлекеті Анкара Қажы Байрам Уәли университетінің профессоры, тарих ғылымының докторы. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Мевлана ұтқырлық бағдарламасы аясында шақырылған профессор.**

Ғалым Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай, Түркияда атқарылған бірқатар шараларды атап өтті.

– Қазақстанның Түркиядағы елшілігі мен ТҮРКСОЙ бірлесіп Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай, ақпан айында іс-шара өткізді. Анкара мен Ыстамбұл қалаларында жалғасқан бұл шарадан кейін мамырмаусым айларында, бертінде қыркүйекте ғылыми басқосулар болды. Қазақстан елшілігінде ғалымның туған күніне орай өткізілген бұл үлкен жиынға Ахмет Байтұрсынұлын жан-жақты таныстырған ғалымдар атсалысып, оның еңбектері, өмірі, күресі, шығармашылығы туралы ғылыми талдау мен талқылаулар жүргізілді. Ғылыми конференциядан тыс, Еуразия жазушылар одағының басшылығы – «Кардеш калемлер» журналының бір саны тұтас Ахмет Байтұрсынұлына арналды. Жыл бойы Ахмет Байтұрсынұлын таныту, оның еңбектерін шығару, шығармаларын насихаттау, дәріптеу үшін көптеген еңбектер жасалды. Айталық, профессор Нергис Бирайдың ахметтануға арналған жаңа монографиясы жарық көрді. Ол еңбек 11 қараша

күні Алматыда өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда көпке таныстырылды. Бұл да біздің Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толған мерейтойына қосқан шағын үлесіміз деп санаймын, – деді алаштанушы.

Гүлжанат Құрманғалиева 1992 жылы Түркия астанасы Анкара қаласындағы ағылшын тілінде білім беретін Таяу Шығыс техникалық университетінің (ODTÜ) тарих факультетіне оқуға түсті. Алғашқы жылы түрік тілін, одан кейінгі жылы ағылшын тілін меңгеріп, 1999 жылы тарих факультетін тамамдады. Ғалым 2003 жылы аталған университеттің «Саясаттану және қоғамдық басқару» мамандығы бойынша «Stalin's Great Purges and the Penal System: The Case of the Kazak Intelligentsia» (Сталиндік қуғын-сүргін және жазалау жүйесі: қазақ зиялылары) деген тақырыпта диссертация қорғады. Оқытушылық жолын 2003 жылы өзі оқып бітірген Таяу Шығыс техникалық университетінде бастады. Бір жылдан кейін отбасылық жағдайына байланысты Бішкек қаласына ауысып, қырғыз-түрік Манас университетінде аға оқытушы қызметін жалғастырды. 2008 жылы Бішкек қаласында тарих мамандығы бойынша докторлық бағдарламаны бітіріп, тарих ғылымының докторы атанды. Докторлық диссертациясын «Seyahatnamelere göre Yedisu Bölgesindeki Kazak ve Krgzların Sosyal Yayı(1854-1917)» (Саяхатнамалар бойынша Жетісу өңіріндегі қазақ және қырғыздардың әлеуметтік құрылысы (1854-1917) тақырыбында қорғаған.

Гүлжанат Құрманғалиева-Ерджиласун 2008-2010 жж. Ыстамбұлдағы Малтепе университетінде қызмет етті және осы университеттегі Еуразия зерттеу



орталығының директоры болып тағайындалды. 2010-2011 жж. Оңтүстік Корея мемлекетінің астанасы Сеул қаласындағы Квангун университетінің профессоры болып қызмет етті және тарих, саясаттану, қоғамдық басқару салаларынан сабақ берді.

2012 жылдан бастап Анкарадағы Гази университетінде Қазіргі түркі тілдері және әдебиеттері кафедрасында еңбек етті. 2015 жылы АҚШ-та Солтүстік Вирджиния және Джордж Вашингтон университеттерінде бір семестр тағылымдамадан өтіп, семинарлар берді. 2018 жылы Гази университетінің екіге бөлінуіне байланысты қоғамдық және әлеуметтік ғылымдар факультеттері Анкара Қажы Байрам Уәли университетіне қарасты болып құрылды. Қазір аталған университетте профессор, сондай-ақ университеттің шетелдермен Мевлана ұтқырлық бағдарламасы аясында үйлестіруші болып қызмет атқарады.

– Мен қызмет атқаратын Қажы Байрам университетінде Алаш жайында көптеген зерттеулер жүргізіліп, магистрлық, докторлық диссертациялар қорғалды, әлі де қорғала бермек. Түркияда, менің есебім бойынша, жеке Ахмет Байтұрсынұлының

шығармашылығына арналған төрт, Алаш тақырыбына қатысты 10-нан астам диссертация бар. Бұлардан бөлек, жекелеген Алаш зиялыларынан қорғалған диссертациялар тағы бар. Біз осы үрдісті жалғастырып, қазір де дипломдық жұмыс болсын, магистрант, докторанттардың ғылыми диссертацияларында болсын, Алаш зерттеулеріне маңыз беріп, ғылымның осы саласын ары қарай жалғастырып алып кететін магистрант, докторанттарды даярлап келеміз. Мысалы, менің бір докторантым Әлихан Бөкейхан туралы диссертация жазып жатыр. Тағы бір шәкіртім Халел Досмұхамедұлы еңбегін түрік тіліне аударып, зерттеп жүр. Биыл тағы бір шәкіртім Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларын түрік тіліне аударып шықты. Мұндай еңбектер алдағы уақытта да жалғасын табады деген ойдамыз, – деді профессор.

Гүлжанат Құрманғалиева-Ерджиласун XIX-XX ғасырлардағы Орталық Азия, жекелей айтқанда, қазақ және қырғыз тарихы, кеңес дәуірі тарихы мәселелерімен шұғылданады және көптеген ғылыми еңбектердің авторы. АҚШ, Ұлыбритания, Алмания, Швеция, Жапония, Корея, Үндістан т.б. көптеген шет мемлекеттерде дә-

ріс оқыды, ғылыми-практикалық конференцияларда баяндама жасады. Тарихи материалдар жинап, халықтың басынан өткен оқиғалар аясында деректі фильм түсіруге атсалысты. Ғалым ана тілін, сондай-ақ түрік, орыс, ағылшын, француз және қырғыз тілдерін жетік біледі.

– 2021-22 оқу жылының күзгі семестрінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих факультетінің студенттеріне «Қазақ зиялыларының демократиялық қозғалысының тарихы» және «Қазақстандағы ұлттық элита және ұлт мәселесі» курстарын онлайн оқыдым. Факультеттің сол кездегі деканы М.Ноғайбаеваға, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі Б.Кәрібаеваға үлкен алғысымды білдіремін. Мен өзім Қазақстанда туып-өссем де, жоғары білім алған кезден бастап шетелдерде жүргендіктен, академиялық мансабымда да үнемі сыртта болдым. Осы себептерден Қазақстандағы университеттер және жоғары білім беру жүйесін тек конференциялар арқылы білетін едім. Енді жақыннан танысып, қазақ студенттеріне дәріс оқу мүмкіндігін ұсынған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басшылығына алғысымды білдіремін әрі бұл мен үшін қуанышты жағдай. Білім ордасындағы студенттер жан-жақты білімімен мені таңғалдырып келеді. Қазақстанда ғана емес, әлемде де білім беруде алдыңғы қатарлы оқу орындарының бірі – ҚазҰУ студенттеріне бұдан әрі де білімдерін шыңдай берудің тәлімі отырып, оқу ордасының басшылығы мен ұстаздарына жемісті еңбек тілеймін, – деп сөзін тамамдады алаштанушы.

Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

# Жаңа бастама жүзеге асатынына сенімдіміз

**Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Қазақстан халқына арнаған соңғы жолдауында биыл жан-жақты өзгерістер мен нақты жаңғырулар жылы болғанын атап өтті.**

Маусым айында жүргізілген конституциялық реформа нәтижесінде билік тармақтары арасында оңтайлы тепе-теңдік қалыптасты. Мәжіліс пен мәслихат депутаттарының келесі құрамы жаңа аралас жүйе – партиялық тізім және округтерде бір мандатты жүйе бойынша сайланады. Конституциялық сот құрылады, ол алдағы жылдың қаңтарынан бастап өз жұмысын бастайды. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдік институты конституциялық мәртебеге ие болды. Президенттен Парламентке бірқатар өкілеттіктерді қайта бөлу аяқталды. Облыс әкімдері енді баламалы негізде сайланады. Конституцияға «жер және оның қойнауы – халық меншігі» деген норма енгізілді. Осы ережені жүзеге асыру мақсатында принципті түрде жаңа «Балаларға арналған ұлттық қор» бағдарламасы қолға алынды.

Қазақстандағы конституциялық реформа қазіргі Президент Мемлекет басшысы болып сайланған сәттен бастап жүзеге асырылып жатқан ауқымды саяси жаңғырту бағдарламасының органикалық бөлігі екені даусыз және «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын жүзеге асыруға бағытталған. Негізгі заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жалпыхалықтық референдумнан кейін жаңартылған Конституция демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құру идеясына толық сәйкес келеді. Осылайша осы бағдарлама аясында айтарлықтай оң өзгерістер пайда болды: бейбіт жиналыстар өткізудің хабарлау принципі енгізілді, саяси партияларды тіркеу тәртібі жеңілдетілді.

Сондай-ақ парламенттік оппозиция институты құрылды, тіркеу кедергісі төмендетілді. Сайлау алдындағы партиялық тізімдер және депутаттық мандаттарды бөлуде әйелдер мен жастарға 30 пайыздық квота енгізілді. Саяси партиялардың мәжіліске өту шегі 7-ден 5 пайызға дейін төмендетілді. Бюллетеньдерде «барлығына қарсы» деген баған пайда



болды. Қылмыстық кодекстің 130-бабы қылмыстан шығарылды және 174-бабы ізгілендірілді, өлім жазасы алынып тасталды. Ауыл әкімдерін тікелей сайлау механизмі және тағы басқа көптеген өзгерістер енгізілді. Енді қоғам Қазақстанда нақты көппартиялық жүйе қалыптасуына үлкен үміт артуда.

Осы жылдың 1 қыркүйегіндегі жолдауында Президент сайлау циклінің күнтізбелік жоспарын белгілеп қойған болатын, сондықтан ел Конституциясының 41-бабының 3-1 тармағына сәйкес, 21 қыркүйекте ҚР Президенті 2022 жылғы 20 қарашада ҚР Президентінің кезектен тыс сай-

лауы туралы жарлыққа қол қойған еді. Нәтижесінде бүкіл саяси жүйені түбегейлі қайта құру жүзеге асырылады. Атап айтқанда, бұл негізгі мемлекеттік институттарға: президентке, парламентке, үкіметке, мәслихаттарға әсер етеді. Бұл өз кезегінде Қазақстанға тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету, азаматтардың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын арттыру бойынша ұзақ мерзімді міндеттерді шешуге назар аударуға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасы символдық түрде «Әділетті Қазақстан: барлығына және әркімге. Қазір және мәңгілікке» деп аталды.

Осы орайда, жаңадан жеті жылға сайланған Мемлекет басшысы егемен Қазақстанның Президенті ретінде ұстануға ниетті қағидаттарды атап өту маңызды. Бірінші ұстаным – әділетті мемлекет. Бұл қағидат мемлекеттік органдардың саяси жаңғыртуды одан әрі жүзеге асыру, мемлекеттік аппаратты қайта іске қосу есебінен тиімділікті арттыру, сот билігінің тәуелсіздігін нығайту жөніндегі қызметінің негізін құрайтыны сөзсіз. Әділ Қазақстанды құру үшін құқық қорғау саласын түбегейлі реформалау және армияның қорғаныс қабілетін арттыру қажет.

Екінші ұстаным – әділ экономика. Әрине, бұл қағида алғашқысымен үндес және халықтың, бизнестің және мемлекеттің мүдделерін тең қорғау негізінде Қазақстанда бар ресурстарды тиімді пайдалануды білдіреді.

Ал соңғы, үшінші қағидат – дамыған әлеуметтік инфрақұрылым мен адам әлеуетін жүзеге асыруға кең мүмкіндіктер құруды және әділ әлеуметтік саясат жүргізуді көздейтін әділетті қоғам.

Біз олардың іске асатынына сенімдіміз.

**Нәжия ҚАЛЫШЕВА,**  
заң ғылымының докторы,  
профессор  
**Мейіржан САҒЫНАЕВ,**  
аға оқытушы

Жаңа Қазақстанның дамуы халыққа білім беру ісі мен ғылымның дамуына тікелей байланысты. Алайда ғылымды дамыту бойынша жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясат пен бөлініп жатқан қомақты қаржыға қарамастан, еліміз қазіргі таңда ғылым мен инновациялар саласындағы әлемдік рейтингте көздеген көрсеткіштерге ие бола алмай отыр.



## Жастардың ғылыми қызығушылығын арттырудың мәні зор

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2020 жылы ғылым саласында 22 665 ғалым жұмыс істеді. Оның ішінде маман-зерттеушілер – 18 228, олардың тек 35 пайызының ғылыми немесе академиялық дәрежесі бар, яғни 1883 ғылым докторы, 4324 ғылым кандидаты, 1755 философия докторы (PhD) және 62 ғылым докторы. Жастарына қарай: 35 жасқа дейінгі жас ғалымдар – 35 пайыз, орта буын 55 жасқа дейінгі ғалымдар – 40 пайыз, ал 55 жасқа асқандар 25 пайызды құрайды. Осы ғалымдардың ішінде әйелдердің үлесі – 53 пайыз, ерлер – 47 пайыз.

Ғалым еңбегінің маңызды көрсеткіштерінің бірі – әртүрлі елдердің ғалымдары әлемдік білім қорына өз үлесін қосатын ғылыми жарияланымдар. Сәйкесінше, ғылыми басылмалардың халықаралық деректер базалары ғылыми метриялық көрсеткіштерді алудың негізгі көзі болып саналады.

Қазақстанның 2018-20 жылдарға арналған басылымдар массиві 129 ұйымға тиісті, оның ішінде жоғары оқу орны – 73, ғылыми институттар – 51, қоғамдық ұйымдар – 5. Ғылыми еңбектердің 90 пайыздан астамы немесе 10 993 жарияланым университет оқытушы-профессорларының қатысуымен дайындалған.

2022-26 жылдарға арналған ҚР ғылымын дамыту тұжырымдамасында келтірілген мәлімет бойынша, 2020/21 оқу жылында магистрлар даярлады – 109, философия докторларын даярлауды (PhD) 79 білім беру ұйымы жүзеге асырды. 2020 жылы докторантураға 6914 адам қабылданып, докторант саны ең жоғары көрсеткішке жетті. 2020/21 оқу жылында докторантураны бітіргендер саны 1446 адам болса, олардың ішінде диссертация қорғағандары 478 докторант

болды. Бұл көрсеткіш барлық түлектердің 33 пайызға жуығын құрайды. Ал қалған 67 пайыз бітіруші қашан қорғайды, қорғай ма, жоқ па? Олар еліміздің ғылыми потенциалын дамытатын ғылыми кадрлар бола ала ма деген заңды сұрақ туады. Бұл мәселені шешу үшін не істеу керек?

Жыл сайын магистранттар мен докторанттардың шәкірт-ақысы өсіп, оларды даярлауға мемлекеттік гранттар саны артып келеді.

2021/22 оқу жылында магистратураға 12 005, докторантураға 1815 мемлекеттік грант бөлінді. Оның елеулі үлесі педагогикалық және инженерлік ғылымдарға тиесілі.

Педагогикалық ғылымдар бойынша білім беру классификаторы негізінде магистратура мен докторантура 10 бағытта даярланады. Еліміздегі педагог мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындарында түгелдей дерлік магистратураны даярлағанымен, 30 университет пен ғылыми-зерттеу институттарында 153 білім беру бағдарламасы бойынша докторанттар даярланады.

Бүгінгі таңда магистратураға мемлекеттік гранттар дайындық тобы, ал докторантураға дайындық бағыты бойынша бөлінеді. Ғылым жолын енді бастайтын жас бакалаврлар мен магистрларға өзінің білім деңгейін, ғылыми қызығушылығын нақты бағдарлау үшін мынандай ой-пікірді ұсынуды жөн көрдік.

Біріншіден, мемлекеттік білім беру гранттары магистратура үшін даярлау бағыттары бойынша берілсін. Магистранттар бірінші семестрден кейін университет ішінде конкурстық негізде білім беру бағдарламасын және ғылыми жетекшіні таңдайды. Бұл профессорлық-оқытушылық құрам арасында бәсекелестік ортаны құруға, сол арқылы магистрант даярлаудың тиімділігі мен сапасын және олардың бәсекеге қабі-

леттілігін арттыруға еңбектарында мүмкіндік береді.

Екіншіден, мемлекеттік білім беру гранттары докторантура үшін ғылыми сала бойынша берілсін.

Үшіншіден, диссертациялық кеңесті білім беру бағдарламалары бойынша емес, білім беру бағыттары бойынша құру керек. Себебі жоғарыда келтірілген мәліметтер бойынша, ғалымдардың саны білім беру бағдарламалары бойынша өңірлік университеттерде жеткіліксіз. Сонымен қатар диссертацияны қорғау процесі де тиімді жүрер еді.

Төртіншіден, кез келген университет нормативтік құжаттар мен мына талаптарды сақтай отырып, докторанттарды 1-курста даярлау конкурсына қатыса алады: профессор-оқытушылар құрамы үшін үш тілді білуі, ғылыми дәрежесінің болуы, сол ғылым саласы бойынша шетелде тағылымдамадан өтуі; ал университет үшін заманауи материалдық-техникалық база, қажетті ғылыми әдебиеттермен, қуаты 250-500 Мбит/с болатын кеңжақты интернетпен қамтамасыз ету.

Бесіншіден, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі докторанттарды 1-курста даярлау үшін университеттер арасында ашық конкурс ұйымдастыруы қажет.

Осы айтылған ой-тұжырымдар ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік құжаттарында көрініс тапса, еліміздің болашақ ғалымдарын даярлауда оң өзгерістерге жол ашады деп ойлаймыз. Сонымен қатар 2022-26 жылдарға арналған ҚР ғылымын дамыту тұжырымдамасының жүзеге асыру жоспарының орындалуына өз үлесін қосады.

**Оралтай ЖОЛЫМБАЕВ,**  
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің профессоры

Қазақстанның БҰҰ деңгейінде мойындалған әлемдегі 193 елмен қарым-қатынасын дамытуда шет тілдерін білетін мамандарға деген сұраныс бұрынғы көрсеткішпен салыстырғанда артпаса, кеміген жоқ. Бұл бағыттағы жұмыста Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультетінің де өзіндік орны бар. Еліміздің жетекші жоғары оқу орны бүгінде шығыс елдерінің 15 университетімен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Сонымен қатар халықаралық бағдарламалар мен жобалар шеңберінде студенттер мен оқытушылардың шетелдік тағылымдамаларын жүзеге асырып келеді.

## Шет тілдері мамандарының ұстаханасы



Факультетте елшілік өкілдері, шетелдік ұйымдар мен шетелдердің әртүрлі делегацияларымен кездесулер жиі өтеді. Сондай-ақ шетел елшіліктері мен мәдени орталықтары ұйымдастырған түрлі мәдени шараларға белсенді түрде қатысамыз. Студенттер мен оқытушылар тағылымдамадан өтіп тұратын шығыс елдерінің белді оқу орындары арасында Қытайдың Шанхай қаржы-экономикалық университеті, Синьцзян университеті, Орталық экономика және бизнес университеті (Бейжің), Қытай мұнай және газ университеті, Бейжің технологиялық университеті, Ланьчжоу университеті, Бейжің тіл және мәдениет университеті, Тяньцзинь университеті, Циньхуан университеті, Нанкин университеті, Сычуань университеті, Үндістанның Хинди тілі орталық институты (Дели), Иранның Тегеран университеті, Кореяның Пайчай университеті, Корея тіл институты (Сеул), Ханг университеті, Ихва университеті, Каннам университеті, Пусан университеті, Түркияның Анкара университеті бар.

Білікті мамандар шоғырланған, оқу-тәрбие процесі мен ғылыми-зерттеу жұмысы жақсы жолға қойылған қызықты әрі шығармашылыққа толы факультеттегі Қазақстан шығыстануының басты орталығы – Қытайтану кафедрасы. Оның қызметі жоғары санаттағы, теориялық білімді терең меңгерген, Қазақстан мен Қытай арасындағы достық қарым-қатынасты дамыту барысында қытай тілі, тарихы мен мәдениеті, саясаты мен экономикасынан жоғары деңгейде білім мен білік көрсете білетін кәсіби мамандарды даярлауға бағытталған. Бұл кафедрада шығыстану, аударма ісі (қытай тілі), шетел филологиясы мамандықтары бойынша мамандар даярланады. Мәселен, шығыстанушы кем дегенде шығыстың бір, батыстың бірнеше тілін, ауызша және жазбаша аударманың дағдыларын

игерген, білім алып жүрген аймақ дінін, доктринасын, құқығын, әдебиетін, дәстүрлі мәдениетін толық және жан-жақты меңгерген маман иесі.

Аударма ісі (қытай тілі) мамандығы студенттерге барлық саладағы ауызша және жазбаша аударманың аудару шеберлігін және аудару дағдыларын жан-жақты жетік меңгеруге баулиды. Студенттер сонымен қатар жоғары білімді әрі кәсіби мамандардан дәріс алып, аударма саласындағы білімін одан әрі кеңейтіп, аудару әдістерінің заманауи талаптарын үйренеді. Бұл мамандықта оқитын студенттер алмасу бағдарламасы арқылы Қытай университеттерінде тілдік тәжірибеден өтіп, ауызша аудару әдісін, тыңдап түсіну дағдысын меңгереді.

Кафедра қызметінің тағы бір негізгі бағыты – еліміздің жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайына аса қажетті мамандарды халықаралық деңгейде даярлау. Шетел филологиясы мамандығының студенттері екі шетел тілін меңгеріп қана қоймай, тілдерді оқыту теориясын жете меңгеріп, әлеуметтік өмірдің әр саласында қолданып, тәжірибе жасай алады.

Осы жерде Қытайтану кафедрасы жетістігінің бірін атап өткен артық болмас. Студенттер арасындағы «Қытай тілі көпірі» сайысының Қазақстандағы қорытынды сынында менің жетекшілігіммен Мәдина Кенжебекова бірінші орынды жеңіп алды. Соның нәтижесінде Қазақстан 126 мемлекеттен өкілдер қатысқан «Қытай тілі көпірі» сайысында үздік деп танылған 30 елдің қатарында болды. Бұл студентке сабақ берген ұстаздардың да қажырлы еңбегі мен ғылыми жұмыстардың нәтижесі деп айта аламыз.

**Гүлия ӘЛИХАНҚЫЗЫ,**  
Қытайтану кафедрасының доценті, педагогика ғылымының кандидаты

Один из национальных проектов является «Технологический прорыв за счет цифровизации, науки и инноваций». В современный период любые структурные преобразования должны учитывать роль постиндустриального сектора, сферы цифровых технологий и услуг в экономическом развитии страны. Для перехода к мировому сообществу любому современному государству необходимо перейти к постиндустриальному строю, к цифровым технологиям.

коммерции, а также электронного денежного обмена. Как правило, под данными терминами подразумевают работу электронных сервисов, ориентированных на реализацию электронных товаров и услуг, зачастую с обменом электронными деньгами между участниками электронных сделок.

низации, зопасность компании) с использованием сетевых информационных систем и технологий по: выбору конкурентной позиции на данном рынке; определению стратегий продвижения и распределения товара; выбору рекламной и ценовой политики с учетом всей совокупности факторов внешней и внутренней

вероятности установления тотального контроля за банками информации, ее производством и распространением. Информация, став основным продуктом производства, соответственно, становится и мощным властным ресурсом, концентрация которого в одном источнике цифровая потенциально может привести к

# Цифровая экономика – стратегия экономического развития

Современный Казахстан является динамично развивающимся государством с социально ориентированной рыночной экономикой. Избранная руководством страны стратегия реформирования, нацелена на производство конкурентоспособной экспортоориентированной продукции с высокой добавленной стоимостью, на динамичное и сбалансированное развитие промышленности и сферы услуг, на диверсификацию основных ее отраслей на основе модернизации, технического и технологического обновления производственных мощностей. Полученный за 30 лет независимости нашей страны опыт еще раз подтверждает, что драйверами экономического роста в Казахстане становятся новые сектора экономики, создаваемые в рамках ускоренной технологической модернизации экономики, которые должны развиваться в интеграции и на уровне требований мирового сообщества.

Главной задачей экономической политики в долгосрочной перспективе является создание конкурентоспособной, устойчивой, структурно сбалансированной экономики за счет развития прорывных отраслей экономики, имеющих сравнительные преимущества в формировании продолжительной цепочки переработки имеющихся сырьевых ресурсов, усиления ресурсосберегающих и инновационных факторов для опережающего развития высокотехнологичных и обрабатывающих отраслей, обеспечивающих прирост продукции с высокой добавленной стоимостью.

Учитывая реалии современности преподавательский состав КазНУ им. Аль-Фараби осваивает и успешно вводит в образовательный процесс как новые, так и обновляет учебные дисциплины с учетом влияния и внедрения цифровой экономики, современных колоссальных структурно-технологических изменений и социально-экономических преобразований, как в нашей стране, так и за рубежом. Причем на фоне свою проникновения и развития информационных процессов в отраслях экономики, постепенно начинают развиваться такие формы ведения хозяйственной деятельности, как интернет-магазины, интернет-банки, платежные системы, появляться новые виды денеж-



ных знаков (виртуальные валюты), строиться целая отрасль экономики. В целом это называется «цифровая экономика». Все это накладывает на профессорско-преподавательский состав большую ответственность и в связи с этим кафедрой Экономика Высшей школы экономики и бизнеса (ВШЭБ) внедрены образовательные учебные программы по специальности «Цифровая экономика» в бакалавриате и магистратуре. Освоены дисциплины: «Цифровая экономика», «Конкурентоспособность национальной экономики», «Инновационное предпринимательство», «Инвестиционная оценка и инвестиционное проектирование», «Экономика общественного сектора», «Поведенческая и экспериментальная экономика», «Экономика природопользования», «Теневая экономика», «Основы исламских финансов», «Анализ данных и прогнозирование в экономике» и другие.

В частности при преподавании специальности «Цифровая экономика» используется расширенный подход к современным процессам в экономике и обществе определяет, что современная экономика, в частности цифровая экономика. Это хозяйственное производство, использующее цифровые технологии. То есть, цифровая экономика (электронная экономика) – вознэкономическая деятельность, построенная на основе электронной

Цифровая экономика является сложно структурированным объектом исследования. В настоящее время существуют следующие механизмы цифровой экономики:

1. Электронная торговля – новый вид без магазинной торговли, который осуществляется через интернет в виртуальных магазинах. Здесь покупатель общается с продавцом помощью компьютера и может выбрать себе товар по имеющимся каталогам. Предметом электронной торговли может быть практически любой продукт – товар, услуга, недвижимость, банковский продукт и т.д. Сегодня основными товарами, приобретаемыми через интернет, являются – продовольственные товары, промышленные товары, информационные продукты. Для покупателя ценность электронной торговли заключается в экономии времени на поиск (покупку) нужного товара, а для продавца – это возможность охватить как можно большее количество покупателей.

2. Электронные деньги – виртуальные денежные средства.

3. Электронный маркетинг – комплекс мероприятий маркетинга компании, связанный с применением электронных средств объектом маркетинговой деятельности выступает информационно-аналитическая и экспертно-исследовательская деятельность предприятия (орга-

среды в условиях риска и неопределенности. Субъект – деятельность конкретного собственника.

3. Электронный банкинг – технологии предоставления банковских услуг на основании распоряжений, передаваемых клиентом удаленным образом чаще всего с использованием компьютерных и телефонных сетей.

4. Электронные страховые услуги – страховые услуги, которые можно заказать посредством сети Интернет.

Процесс цифровизации экономики различных стран проходил по разным сценариям. Многие развитые страны, понимая неизбежность предстоящих изменений, начали движение в сторону развития цифровой экономики. Первыми подобный курс приняли США и рынок Китая, которые считаются неформальными лидерами цифровой гонки на сегодняшний день вслед за ними соответствующие программы приняли Англия, страны Европейского союза, Австралия, и другие. Отсюда мы можем заключить, что наиболее вероятный результат развития социума в ближайшем будущем – интеграция существующей системы с новейшими средствами массовой коммуникации. Развитие нового информационного порядка не означает немедленного исчезновения индустриального общества. Более того, возникает

возникновению нового варианта тоталитарного государства. Такую возможность не исключают даже те западные футурологи Е.Масуда, О.Тоффлер,

Поэтому сегодня особенно остро стоят денежные вопросы сохранения национальных информационных ресурсов и создания условий для их воспроизводства, в очередь через систему образования. Происходит нелегальный «экспорт информационных ресурсов» путем так называемой «утечки информации мозгов» в развитые страны, т.е. использование высоко квалифицированных специалистов и их достижений западными компаниями. Наша страна, обладая высоким потенциалом, выходом из сложившейся ситуации считает внедрение государственной программы «Информационный Казахстан – 2020» по созданию информационно-инновационной инфраструктуры, объединяющей науку, производство и рынок, подразумевающей образование центров продвижения технологий, внедренческие фирмы, технопарки, инновационно-технологические центры. А также то, что завершающим этапом реализации перехода Казахстана к информационному обществу станет Государственная программа «Информационный Казахстан – 2030».

Учитывая необходимость нормативно-правовой регламентации большинства мероприятий, которые планируется реализовать в целях достижения поставленных целей в рамках базовых и прикладных направлений, развития цифровой экономики, при разработке и реализации концепций, первоочередных, среднесрочных и комплексных мер по совершенствованию правового регулирования цифровой экономики в рамках направления по нормативному регулированию необходимо в полной мере учитывать предложения по нормативно-правовому регулированию. Для Казахстана требуется повысить конкурентоспособность отечественной промышленности за счет технологического переоснащения и подъема наукоемких отраслей, создающих высокую добавленную стоимость.

**Аида АЙТБЕМБЕТОВА,**  
д.э.н., доцент кафедры  
Экономика ВШЭБ

## Зияткерлік меншік құнды ресурсқа айналды

Заң факультетінің Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасында Алматы қаласы Әділет департаментінің зияткерлік меншік құқығы бөлімінің басшысы Еркебұлан Жетпісбаев, бас мамандар Ерлан Шайхадинов, Яна Мұқанова және жетекші маман Меруерт Көшбаеваның қатысуымен «Зияткерлік меншік объектілерін тіркеу және қорғау» тақырыбында кездесу өтті. Оған оқытушылар құрамы мен студенттер қатысты.



Зияткерлік меншік авторлық құқық, патенттік құқық, дараландыру құралдары, зияткерлік меншіктің коммерциялық құпиясы және өндіріс құпиялары арқылы қорғалады. Зияткерлік меншік құқығы біреудің меншігіне берілмейді және тек құқық иесінің келісімімен ғана пайдаланылады. Заңдарда белгіленген тәртіппен рәсімделген және материалдық тұлғаға көшірілген зияткерлік меншік нысандарының бәрі нарықтық тауар айналымында пайдаланылады әрі материалдық емес құндылықтар түрінде тіркеледі. Материалдық емес құндылықтар туралы мәмілелер нәтижесінде алынған табысқа жалпы белгіленген тәртіппен салық салынады.

Зияткерлік меншікті пайдаланудың жеке құқықтарын тек зияткерлік меншіктің иесі, яғни автор ғана шамалай алады. Сонымен қатар тек автор өзгеріс енгізуге құқығы бар. Мемлекет тарапынан зияткерлік меншік құқығы саласын дамытуға қазір ерекше көңіл бөлінуде. Өйткені дүниежүзілік қауымдастықтың талаптарына жауап беру, Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру секілді маңызды мемлекеттік мақсаттарды жүзеге асыруда авторлық және сабақтас құқықтар мен өнеркәсіптік меншік саласындағы құқықтарды қорғау – маңызды факторлардың бірі. Сондықтан зияткерлік меншік азаматтардың әл-ауқаттылығы деңгейін белгілейтін құнды ресурс ретінде маңызға ие бола бастады.

Зияткерлік меншік авторлық құқық, патенттік құқық, дараландыру құралдары, зияткерлік меншіктің коммерциялық құпиясы және өндіріс құпиялары арқылы қорғалады. Зияткерлік меншік құқығы біреудің меншігіне берілмейді және тек құқық иесінің келісімімен ғана пайдаланылады. Заңдарда белгіленген тәртіппен рәсімделген және материалдық тұлғаға көшірілген зияткерлік меншік нысандарының бәрі нарықтық тауар айналымында пайдаланылады әрі материалдық емес құндылықтар түрінде тіркеледі. Материалдық емес құндылықтар туралы мәмілелер нәтижесінде алынған табысқа жалпы белгіленген тәртіппен салық салынады.

**Сәулегүл ЕРМҰХАМЕТОВА,**  
Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.к.

**Джанату ӘЛКЕБАЕВА,**  
Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының оқытушысы

Кездесуге келген мамандарымыз студенттерге зияткерлік меншік объектілері туралы айтып, оның мәнін түсіндіріп берді. Мамандардың айтуынша, зияткерлік меншік нысандары мынадай түрлерге бөлінеді: әдебиет, өнер туындылары мен ғылыми еңбектер, фонограмма жасау, орындаушылық және радиобағдарламасын жүргізу, адам іс-әрекетінің барлық салалары бойынша өнертабыстар, ғылыми жаңалықтар, өнеркәсіп үлгілері, тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және коммерциялық атаулар мен белгілеулер.

## Корей халқының терең философиясымен таныстырды

Биылғы оқу жылы Қиыр Шығыс кафедрасының 1-курс студенттері үшін қызыққа әрі керемет әсерге толы шаралардан басталды. Жыл сайын университет және факультет көлемінде студенттер қатарына қабылдау мерекесі кеңінен атап өтіледі. Ал корейтану бөлімінде сонымен қоса, 1-курс студенттерінің жоғары курс студенттерімен танысуы да игі дәстүрге айналған. Бұл кездесудің басты мақсаты – корей тілін енді үйрене бастаған студенттерді корей халқының дәстүріне, «үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» түсінігін алға қоятын корей халқының терең философиясымен таныстыру.

Корей халқының отбасылық және қоғамдық қарым-қатынасы Конфуций ілімінің этикалық нормалары негізінде қалыптасқан. Оған сәйкес, адамдар арасындағы қарым-қатынас негізгі бес тіректен тұрады: ата-ана мен бала, басшы мен бағынушы, ері мен зайыбы, жасы үлкені мен кішісі

және бауырлар арасындағы қатынас. Конфуций ілімінің негізінде құрылған мұндай иерархиялық қарым-қатынас, яғни жасы үлкен адамға құрмет көрсету, ақылын тыңдау, бірінші амандасу, алдынан кесе-көлденең өтпеу сынды дәстүр өлі күнге дейін корей қоғамында өзектілігін жоғалтқан

емес. Осындай құндылықтарды корей тілімен қатар, корей халқының мәдениетін де жаңадан университет табалдырығын аттаған студенттердің бойына сіңіру әр ұстаздың қасиетті парызы екені сөзсіз.

Жоғары курс студенттерімен танысуға арналған іс-шараның аты да «**서대하의 대화** (Сонбэмен диалог)» соның жарқын дәлелі болды. Мерекелік шарада Қиыр Шығыс кафедрасының шетелдік профессоры Ли Бён Джо мен аға оқытушы, PhD Ақерке Абаған студенттерге «сонбэ-хубэ» қарым-қатынасының маңыздылығы туралы айтып, 1-курс студенттеріне ақ жол тіледі. Атап өтетін жайт, іс-шара дәстүрлі форматта емес,

1-ші және жоғары курс студенттерінің өзара араласып, топтық ойын түрінде өтті. Бірінші бөлімінде 3-курс студенттері дайындаған Корея Республикасының мемлекеттік символдары және дәстүрі туралы quiz ойыны ойналды. Екінші бөлімді 2-курс студенттері дайындап, студенттердің үлкен махаббатына ие болған «**한류** (Корей толқынына)» арналды. Сұрақтарға үлкен қызығушылықпен және еш мүдірместен жауап берген студенттер бір-бірімен танысып қана қоймай, пікір алмасып, етене араласуға мүмкіндік алды. Үшінші бөлімінде 2-курс студенті Кристина Ким «Таңғы балғындық елі» – Кореяға жазғы студенттер лагеріне барып

келген әсерімен бөлісіп, студенттердің корей тілін үйрену ынтасының артуына ықпалын тигізді. Мерекелік іс-шара студенттердің белгілі корей орындаушыларының әнін бірге шырқаумен аяқталды. Корей тілінің маманы болу үшін тек тілді ғана үйрену жеткіліксіз. Корей халқының философиясы мен мәдениетін бойға сіңіру, құндылықтары мен дәстүріне үлкен құрметпен қарау арқылы білікті маман болып шығуға болады.

**Ұлжан ҚАБДЕЛОВА,**  
**Бағжан СЕРМҰХАМЕТ,**  
Қиыр Шығыс кафедрасының аға оқытушылары

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

**«QAZAQ UNIVERSITETI»**

ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Газетке жазылу индексі: **64787**

- «Qazaq universiteti» газеті – 75 жылға жуық тарихы бар іргелі басылым.
- Газет 2022 жылдың қаңтар айынан республика көлемінде таратылады.
- Басылымда елдегі және университеттегі айтулы жаңалықтар қамтылады.
- «Qazaq universiteti» газетіне жазылып, өз мақалаңызды ұсынуға сіздің де мүмкіндігіңіз бар.
- Егер сіз әлеуметтік осал топтағы студенттерге «Qazaq universiteti» газетін жаздырып, рухани қолдау білдіргіңіз келсе, Halyk bank QR қосымшасы арқылы төлем жасай аласыз.
- Ол үшін Halyk bank қосымшасы арқылы QR-кодты суретке түсіріп, белгілеу (назначение) бөлімінен «Qazaq universiteti» газетіне жазылу» деген бөлікті толтыру керек.
- Ал республика көлеміндегі оқырмандар үшін «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелері қызмет көрсетеді.

**«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:**

	Аудан/ауыл	Қала
6 айға	1853,22 теңге	1743,57 теңге
12 айға	3706,44 теңге	3487,14 теңге

**Ғылым және жоғары білім саласындағы жаңалықтармен танысқыңыз келсе, «QAZAQ UNIVERSITETI» газетіне жазылуға ұмытпаңыз!**

Тарату бөлімінің байланыс телефоны: 377-32-86, ішкі: 1486 +7 747 325 6874

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры  
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры  
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ  
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ  
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ  
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: [kaznugazeta@gmail.com](mailto:kaznugazeta@gmail.com)
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: **64787**

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.